

"Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызметті көрсетудің қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 20482 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Кеден аумағында/ аумағынан тыс өңдеу және ішкі тұтыну үшін өңдеу шарттары туралы құжат беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновация
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 22 сәуірдегі
№ 219 бұйрығымен
бекітілген

"Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызметті көрсетудің қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызметті көрсетудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызметті

көрсету болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) келтірілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды тіркеуді олар келіп түскен күні жүзеге асырады және жауапты орындаушыны тағайындайтын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Жауапты орындаушы 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (

бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) дайындайды және оны көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, жауапты орындаушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алу үшін қажетті ұсынылған құжаттарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 392 қаулысымен бекітілген Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжаттың нысанын және оны толтыру мен беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оны кері қайтарып алу (жою) және (немесе) оның қолданылуын қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану қағидаларына сәйкестікке тексереді және 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 3, 4, 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты ресімдейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында баяндалған.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған немесе Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 3-тармағында көрсетілген мерзімдерде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша не Мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сымен қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

8-1. Көрсетілетін қызметті беруші бұйрық бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

Ескерту. Қағида 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

9. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.02.2022 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік
аумағында/аумағынан тыс қайта
өңдеудің және ішкі тұтыну үшін
қайта өңдеудің шарттары
туралы құжатты беру"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

1. "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру";
2. "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру";
3. "Өңдеу шарттары туралы құжат беру тауарларды ішкі тұтыну үшін".

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал)
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: 8 (сегіз) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметтер көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағында/аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу және жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасауда ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжат не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады және сақталады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан	

	Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызметтің барлық кіші түрлері бойынша: тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) портал арқылы жүгінген кезде – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) көрсетілетін қызметті беруші - www.comprom.gov.kz "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) портал.
		1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру: 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 248-бабына сәйкес); 2) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын электрондық құжаттың (құжаттардың) немесе құжаттың (

құжаттардың) электрондық көшірмесі, тауарларды қайта өңдеу операциялары (технологиялық процеске негізделген), оларды жасау тәсілдері, кедендік рәсіммен орналастырылатын тауарларды ұқсату өнімдерінде, қалдықтар мен қалдықтарда сәйкестендіру тәсілдері, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын қосымшалардың және (немесе) оған (оларға) толықтырулардың электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 248-бабына сәйкес);

3) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес шетелдік тауарлардың және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының және оларды қайта өңдеу өнімдерінің атауы мен сыныптамасын, сондай-ақ олардың саны мен құнын растайтын электрондық құжаттың (құжаттардың) немесе құжаттың (құжаттардың) электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 248-бабына сәйкес);

4) электрондық құжаттың (құжаттардың) немесе құжаттың (құжаттардың) электрондық көшірмесі, сандық және (немесе) пайыздық мәндегі қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын есептеу кестесінің электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 248, 249-баптарына сәйкес).

2. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжат беру:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

құжат нысанындағы осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 261-бабына сәйкес);

2) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын электрондық құжаттың (құжаттардың) немесе құжаттың (құжаттардың) электрондық көшірмесі, тауарларды қайта өңдеу операциялары (технологиялық процеске негізделген), оларды жасау тәсілдері, кедендік рәсіммен орналастырылатын тауарларды ұқсату өнімдерінде, қалдықтар мен қалдықтарда сәйкестендіру тәсілдері, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын қосымшалардың және (немесе) оған (оларға) толықтырулардың электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 261-бабына сәйкес);

3) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес шетелдік тауарлардың және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының және оларды қайта өңдеу өнімдерінің атауы мен сыныптамасын, сондай-ақ олардың саны мен құнын растайтын электрондық құжаттың (құжаттардың) немесе құжаттың (құжаттардың) электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 261-бабына сәйкес);

4) электрондық құжат (құжаттар) немесе құжаттың (құжаттардың), сандық және (немесе) пайыздық мәндегі қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын есептеу

кестесінің электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 261, 262-баптарына сәйкес).

3. Өңдеу шарттары туралы құжат беру тауарларды ішкі тұтыну үшін :

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 273-бабына сәйкес);

2) тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын электрондық құжат (құжаттар) немесе құжаттың (құжаттардың) электрондық көшірмесі, тауарларды қайта өңдеу операциялары (технологиялық процеске негізделген), оларды жасау тәсілдері, кедендік рәсіммен орналастырылатын тауарларды ұқсату өнімдерінде, қалдықтар мен қалдықтарда сәйкестендіру тәсілдері, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімдері туралы мәліметтерді қамтитын қосымшалардың және (немесе) оған (оларға) толықтырулардың электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 273-бабына сәйкес);

3) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасына сәйкес шетелдік тауарлардың және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының және оларды қайта өңдеу өнімдерінің атауы мен сыныптамасын, сондай-ақ олардың саны мен құнын растайтын электрондық құжат (құжаттар) немесе құжаттың (

		құжаттардың) электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 273-бабына сәйкес); 4) электрондық құжат (құжаттар) немесе құжаттың (құжаттардың), сандық және (немесе) пайыздық мәндегі қайта өңдеу өнімдерінің шығу нормаларын есептеу кестесінің электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодекстің 273, 274-баптарына сәйкес). Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі	1) қайта өңдеу шарттары туралы құжатты және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың анық еместігін анықтау; 2) қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алу үшін қажетті құжаттарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 маусымдағы № 392 қаулысымен бекітілген Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжаттың нысанын және оны толтыру мен беру, оған өзгерістер (толықтырулар) енгізу, оны кері қайтарып алу (жою) және (немесе) оның қолданылуын қайта бастау, сондай-ақ тауарларды қайта өңдеу мерзімін ұзарту және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу бойынша операциялар нәтижесінде түзілген қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану үшін жарамсыз деп тану

		қағидаларына сәйкестігін тексереді; 3) өтініш берушіге тауарларды қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға тыйым салатын сот шешімінің (қаулысының, ұйғарымының) заңды күшіне енуі; 4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімнің болмауы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында – www.gov.kz/memlekelet_info/mps, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – www.gov.kz/memleket_info/compro, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; 3) порталда. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777. "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" Мемлекеттік қызмет көрсетуге

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруге өтініш

Кімге _____

_____ (Қазақстан Республикасы уәкілетті органының толық атауы)
кімнен _____

_____ (қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы адамның толық атауы
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

ӨТІНІШ

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруді сұраймын.

Қажетті мәліметтер:

1. Тұлғаның атауы _____

(қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы тұлға)

_____ (мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер)

2. Қайта өңдеу бойынша операцияларды тікелей жасайтын (жасаушы) тұлға
(тұлғалар) туралы мәліметтер _____

_____ (тұлғаның атауы,

_____ (мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер) *

3. Шетелдік тауарлар және оларды қайта өңдеу өнімдері туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды, саны мен құны) мәліметтер _____

4. Шетелдік тауарларды қайта өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін ЕАЭО тауарлары туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды және саны) мәліметтер _____

5. Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын құжаттар

туралы мәліметтер _____

6. Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары

7. ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеу жөніндегі операциялар, оларды жасау тәсілдері _____

8. Шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер _____

9. Қалдықтар және қалған қалдықтары туралы мәліметтер (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды, саны мен құны) _____

10. Тауарларды қайта өңдеу мерзімі _____

11. Егер тауарларды балама тауарлармен ауыстыруға жол берілетін болса, осындай ауыстыру туралы мәліметтер _____

12. Қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер _____

13. Кеден органы (органдары)

_____ (тауарларды қайта өңдеу кедендік рәсімімен

_____ орналастыру және осы кедендік рәсімді аяқтау болжанатын)

14. ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы мәліметтер _____

15. Өзге де мәліметтер _____

Қоса берілетін құжаттар _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөрдiң орны

20 ____ жылғы " ____ " _____

Ескертпе:

* Көрсетілген мәліметтер бар болған кезде толтырылады.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,

химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік
аумағында/аумағынан тыс
қайта өңдеудің және ішкі тұтыну
үшін қайта өңдеудің шарттары
туралы құжатты беру"
Мемлекеттік қызмет
көрсетуге қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
2-қосымша

нысан

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс қайта өңдеу шарттары туралы
құжатты беруге өтініш**

Кімге _____
(Қазақстан Республикасы уәкілетті органының толық атауы)

Кімнен _____

—
(қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы адамның толық атауы
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)))

ӨТІНІШ

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс қайта өңдеу шарттары
туралы құжатты беруді сұраймын.

Қажетті мәліметтер:

1. Тұлғаның атауы _____

—
(қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы тұлға)

—
(мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер)

2. Қайта өңдеу бойынша операцияларды тікелей жасайтын (жасаушы) тұлға (тұлғалар)

туралы мәліметтер _____

—
(тұлғаның атауы,

—

мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер) *

3. ЕАЭО тауарлары және оларды қайта өңдеу өнімдері туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН

бойынша коды, саны мен құны)

мәліметтер _____

4. Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын

құжаттар туралы мәліметтер _____

5. Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары

6. ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеу жөніндегі операциялар, оларды жасау тәсілдері туралы мәліметтер _____

7. ЕАЭО тауарларын қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер _____

8. Тауарларды қайта өңдеу мерзімі _____

9. Егер тауарларды балама тауарлармен ауыстыруға жол берілетін болса, осындай ауыстыру туралы мәліметтер _____

10. Кеден органы (органдары) _____

(тауарларды қайта өңдеу кедендік рәсімімен

орналастыру және осы кедендік рәсімді аяқтау болжанатын)

11. Қалдықтар, қалған қалдықтар және өндірістік шығындар бойынша (атауы, тауарлар

позициясы деңгейінде ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды, саны мен құны)

мәліметтер _____

12. ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы

мәліметтер _____

13. Өзге де мәліметтер _____

Қоса берілетін құжаттар _____

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы

хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөрдiң орны

20__ жылғы "____" _____

Ескертпе:

* Көрсетiлген мәліметтер бар болған кезде толтырылады.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында/
аумағынан тыс қайта
өңдеудің және ішкі тұтыну үшін
қайта өңдеудің шарттары туралы
құжатты беру"
Мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын негізгі
талаптар тізбесіне
3-қосымша

нысан

Тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруге өтініш

Кімге _____

—

(Қазақстан Республикасы уәкілетті органының толық атауы)

кімнен _____

—

(қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы адамның толық атауы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

ӨТІНІШ

Тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруді сұраймын.

Қажетті мәліметтер:

1. Тұлғаның атауы _____

—

(қайта өңдеу шарттары туралы құжатты алушы)

—

—

(мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер)

2. Қайта өңдеу бойынша операцияларды тікелей жасайтын (жасаушы) тұлға (тұлғалар)

туралы мәліметтер _____

(тұлғаның атауы,

мекенжайы, БСН, ЖСН, банктік деректемелер) *

3. Шетел тауарлары және оларды қайта өңдеу өнімдері туралы

(атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды, саны мен құны) мәліметтер _____

4. Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын

құжаттар туралы мәліметтер _____

5. Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары

6. Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу жөніндегі операциялар және оларды жасау тәсілдері

туралы мәліметтер _____

7. Шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер _____

8. Қалдықтар мен қалған қалдықтар туралы мәліметтер (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес

коды, саны және құны) _____

9. Тауарларды қайта өңдеу мерзімі _____

10. Қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер _____

11. Кеден органы (органдары) _____

(тауарларды қайта өңдеудің кедендік рәсімімен

орналастыру және осы кедендік рәсімді аяқтау болжанатын)

12. Қайта өңдеу өнімдерін экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы жай-күйіне дейін

қалпына келтірудің мүмкін еместігі туралы мәліметтер

13. Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы мәліметтер

14. Өзге де мәліметтер

Қоса берілетін құжаттар

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Басшы

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөрдiң орны

20__ жылғы "___" _____

Ескертпе:

* Көрсетілген мәліметтер бар болған кезде толтырылады.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында/
аумағынан тыс қайта өңдеудің
және ішкі тұтыну үшін қайта
өңдеудің шарттары
туралы құжатты беру"
мемлекеттік қызметті
көрсету қағидаларына
2-қосымша
нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі "Өнеркәсіп комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесі



Министерство промышленности и
строительства Республики
Казахстан Республиканское
государственное учреждение "
Комитет промышленности"

Астана қ.

г. Астана

Нөмірі: [Құжат нөмірі]

Күні: [берілген күні] ж.

[ұйымның атауы]





Бас тарту туралы дәлелді жауап

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі "Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі [Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағында/аумағынан тыс/ішкі тұтыну] үшін тауарларды қайта өңдеу шарттары туралы құжатты беруге қатысты № [кіріс құжатының нөмірі] өтінішке сәйкес келесіні хабарлайды:

[Бас тарту негіздемесі]

[Қол қоюшының лауазымы]

[Қол қоюшының аты-жөні]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында/
аумағынан тыс қайта өңдеудің
және ішкі тұтыну үшін қайта
өңдеудің шарттары туралы
құжатты беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына

3-қосымша

нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі "Өнеркәсіп комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесі



Министерство промышленности и
строительства Республики
Казахстан Республиканское
государственное учреждение "
Комитет промышленности"

Астана қ.

г.Астана

Нөмірі: [Құжат нөмірі]

Күні: [берілген күні] ж.

Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында қайта өңдеу шарттары туралы құжат


1.	Құжатты берген Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы туралы мәліметтер (атауы)
2.	Құжат берілген тұлға туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, ЖСН, банк деректемелері*)
3.	Қайта өңдеу жөніндегі операцияларды тікелей жасайтын тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, банк деректемелері*)
4.	Шетелдік тауарлар және оларды қайта өңдеу өнімдері туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН коды, саны мен құны) мәліметтер
5.	Қазақстан Республикасының заңнамасында оларға қатысты шетелдік тауарларды қайта өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін кедендік әкету баждарының мөлшерлемелері белгіленген ЕАЭО тауарлары туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және саны) мәліметтер
6.	Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтер
7.	Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары
8.	ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеу жөніндегі операциялар, оларды жасау тәсілдері туралы мәліметтер
9.	ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылатын шетелдік тауарларды оларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер
10.	Қалдықтары мен қалған қалдықтары туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды, саны мен құны) мәліметтер
11.	ЕАЭО кедендік аумағында тауарларды қайта өңдеу мерзімі

12.	Егер тауарларды балама тауарлармен ауыстыруға жол берілетін болса, ауыстыру туралы мәліметтер
13.	Қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер
14.	Кедендік аумақта қайта өңдеу кедендік рәсімімен тауарларды орналастыру және осы кедендік рәсімнің қолданылуын аяқтау болжанатын кеден органы (кеден органдары)
15.	ЕАЭО кедендік аумағында қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы мәліметтер
16.	Өзге де мәліметтер

Ескертпе:

* Деректер (мәліметтер) болған кезде толтырылады.

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының аты-жөні]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында
тауарларды Еуразиялық
экономикалық одақтың кедендік
аумағында/аумағынан тыс қайта
өңдеудің және ішкі тұтыну үшін
қайта өңдеудің шарттары туралы
құжатты беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
4-қосымша

НЫСАН

Ескерту. Қағида 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.



Астана қ.

г.Астана

Нөмірі: [Құжат нөмірі]

Күні: [берілген күні] ж.

Тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан тыс қайта өңдеу шарттары туралы құжат


1.	Құжатты берген Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы туралы мәліметтер (атауы)
2.	Құжат берілген тұлға туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, ЖСН, банк деректемелері*)
3.	Қайта өңдеу жөніндегі операцияларды тікелей жасайтын тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, банк деректемелері*)
4.	Қазақстан Республикасының заңнамасында оларға қатысты Шетелдік тауарларды қайта өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін кедендік әкету баждарының мөлшерлемелері белгіленген ЕАЭО тауарлары туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН коды және саны) мәліметтер
5.	Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтер
6.	Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары
7.	ЕАЭО кедендік аумағынан тыс қайта өңдеу жөніндегі операциялар және оларды жасау тәсілдері туралы мәліметтер
8.	ЕАЭО кедендік аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған ЕАЭО тауарларын оларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер
9.	ЕАЭО кедендік аумағынан тыс тауарларды қайта өңдеу мерзімі
10.	Егер тауарларды балама тауарлармен ауыстыруға жол берілетін болса, ауыстыру туралы мәліметтер
11.	Тауарларды ЕАЭО кедендік аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастыру және осы кедендік рәсімнің қолданылуын аяқтау болжанатын кеден органы (кеден органдары)

12.	Қалдықтар, қалған қалдықтар және өндірістік шығындар туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша коды, саны және құны) мәліметтер
13.	ЕАЭО кедендік аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы мәліметтер
14.	Өзге де мәліметтер

Ескертпе:

* Деректер (мәліметтер) болған кезде толтырылады.

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының аты-жөні]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

"Жеңіл, тау-кен металлургия,
химия, ағаш өңдеу өнеркәсібі
салаларында, сондай-ақ машина
жасау және құрылыс
индустриясында тауарларды
Еуразиялық экономикалық
одақтың кедендік аумағында/
аумағынан тыс қайта өңдеудің
және ішкі тұтыну үшін қайта
өңдеудің шарттары туралы
құжатты беру" мемлекеттік
қызметті көрсету қағидаларына
5-қосымша

НЫСАН

Ескерту. Қағида 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 19.04.2023 № 266 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.04.2024 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігі "Өнеркәсіп комитеті"
республикалық мемлекеттік
мекемесі



Министерство промышленности и
строительства Республики
Казахстан Республиканское
государственное учреждение "
Комитет промышленности"

Астана қ.

Нөмірі: [Құжат нөмірі]

г. Астана

Күні: [берілген күні] ж.

Тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу шарттары туралы құжат





1.	Құжатты берген Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы туралы мәліметтер (атауы)	
2.	Құжат берілген тұлға туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, СТН, банк деректемелері*)	
3.	Қайта өңдеу жөніндегі операцияларды тікелей жасайтын тұлға (тұлғалар) туралы мәліметтер (тұлғаның атауы, мекенжайы, БСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, банк деректемелері*)	
4.	Шетелдік тауарлар және оларды қайта өңдеу өнімдері туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды, саны мен құны) мәліметтер	
5.	Тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын құжаттар туралы мәліметтер	
6.	Қайта өңдеу өнімдерінің сандық және (немесе) пайыздық мәндегі шығу нормалары	
7.	Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу жөніндегі операциялар және оларды жасау тәсілдері туралы мәліметтер	
8.	Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу кедендік рәсімімен орналастырылған шетелдік тауарларды қайта өңдеу өнімдерінде сәйкестендіру тәсілдері туралы мәліметтер	
9.	Қалдықтары мен қалған қалдықтары туралы (атауы, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес коды, саны мен құны) мәлімет	
10.	Тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеу мерзімі	
11.	Қалдықтарды одан әрі коммерциялық пайдалану мүмкіндігі туралы мәліметтер	
	Тауарларды ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсіміне орналастыру және осы кедендік	

12.	рәсімнің аяқталуы болжанатын кедендік орган (кедендік органдар)	
13.	Қайта өңдеу өнімдерін экономикалық тиімді тәсілмен бастапқы жай-күйіне дейін қалпына келтірудің мүмкін еместігі туралы мәліметтер	
14.	Ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалану шарттарын сақтау туралы мәліметтер	
15.	Өзге де мәліметтер	

Ескертпе:

* Деректер (мәліметтер) болған кезде толтырылады.

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының аты-жөні]



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 22 сәуірдегі
№ 219 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1) "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында/аумағынан тыс қайта өңдеудің және ішкі тұтыну үшін қайта өңдеудің шарттары туралы құжатты беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 906 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 12195 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 6 қарашада "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

2) "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Кеден аумағында/ аумағынан тыс өңдеу және ішкі тұтыну үшін өңдеу шарттары туралы құжат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 906 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 671 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17759 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 26 қарашада Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Үлгі бақылау банкінде жарияланған).

3) "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 14 тамыздағы № 640 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесінің 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19270 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 26 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Үлгі бақылау банкінде жарияланған).

4) "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Кеден аумағында/аумағынан тыс өңдеу және ішкі тұтыну үшін өңдеу шарттары туралы құжат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 982 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылы 18 қарашада № 12302 нөмірімен тіркелген).

5) "Жеңіл, тау-кен металлургия, химия, фармацевтика, ағаш өңдеу өнеркәсібі салаларында, сондай-ақ машина жасау және құрылыс индустриясында тауарларды Кеден аумағында/ аумағынан тыс өңдеу және ішкі тұтыну үшін өңдеу шарттары туралы құжат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 982 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 28 қаңтардағы № 45 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18257 нөмірімен тіркелген, 2019 жылғы 12 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Үлгі бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК